

**"Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті сақтанушы, сақтандырушы және агенттің беретін ақпараты мен құжатының нысандары және мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі м.а. 2006 жылғы 10 қарашадағы № 680 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы N 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 28 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6190 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/465 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.05.2015 № 4-1/465 бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті сақтанушы, сақтандырушы және агенттің беретін ақпараты мен құжатының нысандары және мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі м.а. 2006 жылғы 10 қарашадағы № 680 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4471 болып тіркелген; 2007 жылғы 16 қаңтардағы № 6 (1209) «Юридическая газета» жарияланған) келесі толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «сақтандырушы» деген сөзден кейін «және өзара сақтандыру қоғамы» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ақпарат пен құжатты:

1) сақтанушының - осы бұйрықтың 1 қосымшасы бойынша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аудандық аумақтық инспекциясы мен аудандық (облыстық дәрежедегі қалалық) әкімдік атына сақтандырушымен немесе өзара сақтандыру қоғамымен міндетті сақтандыру

келісім-шартын жасасқаннан кейін бір айдың ішінде;

2) сақтандырушының және өзара сақтандыру қоғамының - осы бұйрықтың 2, 5, 6-қосымшалары бойынша агентке, 3, 5, 6-қосымшалары бойынша аудандық (облыстық дәрежедегі қалалық) әкімдікке апта сайын;

3) агентпен - жеті сайын Комитеттің облыстық аумақтық инспекцияларына осы бұйрыққа 3-қосымша бойынша, сол сияқты Комитетке және аудандық (облыстық дәрежедегі қалалық) әкімдіктерге 4, 5, 6-қосымшалар бойынша.»;

4-тармақта «дамыту стратегиясы және аграрлық ғылым» деген сөздер «стратегиялық жоспарлауы және инновациялық саясаты» деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасында:  
оң жақтағы жоғарғы бұрышта  
«АӨКМИК \_\_\_\_\_ аудандық  
инспекциясының бастығы  
аз. \_\_\_\_\_» деген сөздерден кейін  
« \_\_\_\_\_ ауданының  
(облыстық дәрежедегі қаласының) әкімі  
аз. \_\_\_\_\_ » сөздерімен толықтырылсын»;

«сақтандыру компаниясының» деген сөздерден кейін «немесе өзара сақтандыру қоғамының» деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 5-қосымшасында:  
«сақтандыру компаниясына» деген сөздерден кейін «немесе өзара сақтандыру қоғамына» деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 6-қосымшасында:  
«сақтандыру компаниясының», «сақтандыру ұйымының», «сақтандырушылардың», «сақтандырушыға», «сақтандыру компаниялары» деген сөздерден кейін «немесе өзара сақтандыру қоғамының», «немесе өзара сақтандыру қоғамының», «немесе өзара сақтандыру қоғамдарының», «немесе өзара сақтандыру қоғамына», «немесе өзара сақтандыру қоғамдары» деген сөздермен толықтырылсын ;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешенді стратегиялық жоспарлауы және инновациялық саясаты департаменті осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Ауыл шаруашылығы вице-министрі А.Қ. Евниевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Күрішбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК